



**Стамкулов Марат Теміркалиұлы** - Жамбыл облысы, Байзак ауданы, Кызыл Жұлдыз ауылында 1972 жылы 18 қазанда туылған, ұлты - казак.

1989 жылы орта мектепті бітіріп, 2000 жылы Орталық Азия университетіне түсіп, 2006 жылы «Педагогика және психология» мамандығы бойынша диплом алды. 2006 жылы Өулие-Ата университетіне түсіп, 2008 жылы Жамбыл гуманитарлық техникалық университетінің «Дене шынықтыру және спорт» біліктілігін алған. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2011 жылы 14-маусымдағы шешімімен (№5 хаттама) «Педагогика ғылымдарының кандидаты» дәрежесін алды. Бүгінгі күнге дейін ҚР «Еңбек сіңірген жаттықтырушысы», ҚР спорт шебері, Жамбыл облыстық каратэ-до федерациясының «Жоғарғы санатты І-дәрежелі жаттықтырушысы», Жамбыл гуманитарлық-техникалық университетінің доценті.

1989 жылдан бастап «Балалар мен жасоспірімдер спорт мектебінің каратэ-до» тобының жетекшісі болып қызмет атқарды.

1991-1993 жылдары Кенес Әскері құрамында болды.

1993-1998 жылдары Жамбыл ауданының № 1 БЖСМ-інде каратэ-до жаттықтырушысы, 1998-1999 жылдары Байзак ауданы, Ж. Үшкепіров атындағы балалар мен жасоспірімдер спорт мектебінің директоры, 1999 жылдан бастап, Жамбыл политехникалық колледжінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің менеджері, 2004

жылдан бастап Облыстық мамандандырылған ұлттық спорт түрлері мен олимпиада резервтерін дайындау мектебінің жаттықтырушысы және 2001-2009 жылдар аралығында қаратә-до-дан облыстық құрама командасының аға жаттықтырушысы болды. Қызмет барысында 11 ҚР спорт шеберін және 2 халықаралық дәрежедегі спорт шеберлерін дайындап, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағын алды. 2006 жылдан бастап Облыстық білім басқармасының «Ғылыми-тәжірибелік дене шынықтыру орталығының» директоры, 2013 жылдың 9 тамызынан бастап № 2 ОМБЖСМ директоры қызметін атқарып келеді.

Мемлекеттік марапаттары:

1. Жас ұрпақты оқыту және тәрбиелеу ісіндегі елеулі табыстары үшін «Ы. Алтынсарин» белгісі.
2. «ҚР Білім Беру ісінің құрметті қызметкері»
3. ҚР Туризм және Спорт Министрлігін «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға қосқан еңбегі үшін» Құрмет белгісі.
4. ҚР Ұлттық Олимпиадалық Комитетінің Құрмет белгісі.
5. Білім және Ғылым Министрлігінің Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттары.

Жұбайы және үш ұлы бар.